

Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациялауды жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 421 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 645 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.08 № 645 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:** қараңыз.Z110407

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациялауды жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

3 0

с ә у і р д е г і

N

4 2 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациялауды жүргізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациялауды жүргізу, аккредитациялауды жүргізу үшін құжаттар тапсыру, оларды қарау және аккредитациялау туралы куәлік беру тәртібін белгілейді.

2. Аккредитациялау - ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы (бұдан әрі - Аккредитациялық орган) мемлекеттік емес ғылыми ұйымның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджет

қаражаты есебінен ғылыми және ғылыми-техникалық салаларда жұмыстар жүргізу өкілеттілігін ресми тануы.

3. Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациялау отандық ғылым мен техниканың бәсекелестік деңгейін қолдау мақсатында жүргізіледі.

4. Аккредитациялауға Қазақстан Республикасы заңнамаларында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ғылыми және ғылыми-техникалық саласында жұмыстар жүргізуге ниет білдірген мемлекеттік емес ғылыми ұйымдар жатады.

5. Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдардың филиалдарын аккредитациялау мемлекеттік емес ғылыми ұйымдардың құрамында жүргізіледі.

6. Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациялауды Аккредитациялық орган бекітетін ғылыми ұйым қызметінің негізгі көрсеткіштерінің тізбесі бойынша аккредитацияланатын мемлекеттік емес ғылыми ұйымның қызметін бағалау негізінде Аккредитациялық орган жүзеге асырады.

7. Аккредитациялық орган аккредитацияланған мемлекеттік емес ғылыми ұйымдардың тізілімін жүргізеді және қажет болған жағдайда сұрау салу негізінде Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарына ақпарат жібереді.

8. Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациялау мәселелерін алқалы және жариялы қарау үшін Аккредитациялық орган консультативтік-кеңесші орган - мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациялау жөніндегі Комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

Комиссияның құрамына орталық атқарушы органдар мен ғылыми ұйымдардың өкілдері енеді.

Комиссия туралы ережені Аккредитациялық орган әзірлейді және бекітеді.

2. Аккредитациялауды жүргізу тәртібі

9. Мемлекеттік емес ғылыми ұйым аккредитация алу үшін Аккредитациялық органға мынадай құжаттарды:

- 1) Аккредитациялық орган бекіткен нысан бойынша өтінішті;
- 2) ұйым жарғысының нотариалды расталған көшірмесін;
- 3) заңды тұлға ретінде ұйымның мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің көшірмесін ұсынады;

10. Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдар ұсынған құжаттарды қарау құжаттарды берген күнінен бастап үш ай мерзімнен кешіктірілмей Комиссия отырыстарында жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдардың құжаттарын Комиссияның зерделеу қорытындылары бойынша аккредитациялық орган оларды

аккредитациялау (немесе аккредитациялаудан бас тарту) туралы және аккредитациялау туралы куәлік беру (беруден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

12. Аккредитациялау туралы куәлік немесе аккредитациялаудан бас тарту туралы шешім мемлекеттік емес ғылыми ұйымға аккредитациялау немесе аккредитациялаудан бас тарту туралы шешім қабылданған күнінен бастап бір ай мерзімде берілді.

13. Аккредитациялау туралы куәлік беруден мынадай себептер бойынша бастартылуы мүмкін :

1) осы Ереженің 9-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұсынылмағанда ;

2) мемлекеттік емес ғылыми ұйым оның жарғысында бекітілген қызметтің мәні мен мақсаттарына жауап бермейтін қызметті жүзеге асырса.

Мемлекеттік емес ғылыми ұйым көрсетілген кедергілерді жойған кезде аккредитациялау туралы өтініш жалпы негізде қаралады.

14. Аккредитациялаудан өткен мемлекеттік емес ғылыми ұйымға Аккредитациялық орган бекіткен нысан бойынша 5 жыл мерзімге тиісті куәлік беріледі.

3. Куәліктің қолданылуын тоқтата тұру және тоқтату

15. Аккредитациялық орган өзінің шешімімен мемлекеттік емес ғылыми ұйым оның жарғысында бекітілген қызметтің мәні мен мақсаттарына жауап бермейтін қызметті жүзеге асырған жағдайда, алты айға дейінгі мерзімге оған берілген аккредитация туралы куәліктің қолданылуын тоқтатады.

16. Аккредитациялау туралы куәлік өзінің қолданылуын мынадай жағдайда тоқтатады :

заңды тұлға қайта ұйымдастырылғанда немесе таратылғанда;
куәліктің қолданылуын тоқтата тұру жөніндегі себептер жойылмағанда;
мемлекеттік емес ғылыми ұйым куәлік қолданылуының тоқтатылуы туралы өтінішті ұсынғанда ;
оның қолдану мерзім аяқталғанда.

17. Аккредитациялау туралы немесе куәліктердің қолданылуының тоқтатылғаны туралы куәлік алған мемлекеттік емес ғылыми ұйымдар туралы ақпаратты аккредитациялаушы орган мерзімді баспасөзде жариялайды.